

ма тобы осы әдісті пайдалана отырып ғылымда жаңа табыстарға жетті [10].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ренке Л. Цитата мына кітаптан алынды. Методические проблемы истории: под ред. В.Н. Сидорцева. Минск, 2006. 199 б.
1. Трейки Г. Бұл да сонда.
2. Ренке Л. Бұл да сонда.
3. Блок М. Апология истории, или Ремесло историка. М., 1973. 38 б.
4. Кун Т. Структура научных революций. М., 1975. 22 б.
5. Ковалченко И.Д. Методы исторического исследования. М., 1987. 242б.
6. Дильтей В. Наброски к критике исторического разума. //Вопросы философии. 1998. № 4

7. Порфенов И.Д. Методология исторической науки. Саратов. 2001.
8. Цитата жоғардағы Порфенов еңбегінен алынды
9. Абиля Е.А. Этногенез казахов. Опыт системного подхода. Қостанай. Изд. КСХИ. 1997. -110 с;
10. Бұл да соныкі. Методологические проблемы применения естественно-научных методов в историческом познании: История и синергетика. Автореф. дисс. на соиск. уч. ст. док. ис. наук. Караганда. 2007; Досова Б.А. Синергетика как подход в историческом познании: историографический аспект. Автореф. дисс. канд. ист. наук. Караганда. 2007.

Мамиева Б.О., филология ғылымдарының кандидаты
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

**АСАН ҚАЙҒЫҒА БАЙЛАНЫСТЫ
ТОПОНОМИКАЛЫҚ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ**

Қазақ руларының жайлаған жерлерінің бәрі Асанның өз көзімен көріп, қасиетін байқап сынап берген жерлері. Шүйделі қоныстарды былай қойғанда ұсақ өзендер, кішкене төбешік, сай-сала жайында да «бұл туралы Асан Қайғы солай депті» - деген сөздер жиі айтылады. Сондықтан жер-суларға Асан берген бағалар, М.Әуезовтің берген бағасымен айтқанда – «қазақ рулары жайлаған қоныс-қоныстың барлығы қалың қазақтың қамын жеген ұлы қариямыздың дуалы аузынан шыққан жалынды сөз сияқты» [1,198.].

Қазақтың қамын жеген ұлы қарияның бейнесін жасаушы да халықтың ой-көкейіне халықтың арманын байлап, «елдің ақырын ойлап қайғырған» Асан Жерұйықты іздеуге бел буады. Ол «Желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. Елді сол жерге қондыр-

сам деп арман етеді» [2,31.].

Сонымен бірге, Асан іздеген «Жерұйықтың» екінші бір қасиеті «ешкім мазаламайтын, ел қорқып үрікпейтін жер еді» [3, 375.].

Ал келесі бір аңызда Асан іздеген Жерұйықтың сипаты былай суреттеледі: «Дүниеде Жерұйық деген бақытты ел бар деп естиді Асан Қайғы. Ол елдің жері шұрайлы, суы мол екен. Ел онда жоқшылықтың, қайғының, қанаудың, жауласудың не екенін білмейді. Онда қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды екен» [4, 234.].

Жәнібекке:

Бұл арадан көшпесең,

Айтқаныма түспесең,

Орыс алар қалаңды,

Шулатар қатын, балаңды

Осыны көрдім түсімде,- деп

елін, жерін орыс аларын түс көру арқылы білгенін жеткізеді. Айтқанына көнбеген Әз-Жәнібекке:

Тіл алсаң іздеп қоныс көр,

Желмая мініп жер шалсам.

Тапқан жерге ел көшір.

Мұны неге білмейсің

Хош аман бол, Жәнібек,

Енді мені көрмейсің,- деп Еділді тастап, қазақтың сахарасын аралап кетеді.

Сонымен Асан іздеген «Жерұйық» - мал шаруашылығына қолайлы («шөбі шүйгін, суы мол, ой төңірегі шулап жатқан мал»), өмір сүруге рахат («жоқшылықтың, қайғының не екенін білмейді»), әлеуметтік теңдік орнаған («қанаудың, жауласудың не екенін білмейді»), сыртқы жаудан қауіпсіз («Басқа патшалы халық ала алмайтын, ешкім мазаламайтын, ел қорқып үрікпейтін») құтты қоныс.

Еліне осындай жер іздеген Асан баспаған жер, мекен жоқ. Өз сапарында жерге баға беріп, сын айтып отырған. Оның бір куәсы – Асан Қайғы есіміне байланысты немесе Асан Қайғының төңірегіндегі адамдарға байланысты топонимикалық жер атаулары.

Аңыздардың бірінде Асан сол өлкелерде болған оқиғаларға араласып, соның куәгері болып көрінеді. Мұндай аңыздың бірі Қостанай қаласының атауына қатысты да айтылады. Аңыз мазмұны бойынша, Қостанай маңын жайлайтын қыпшақ руына жау шапқанда Тана атты егіз қыз батырлық көрсетіп, ерлікпен қаза табады. Асан ата қыздарды жоқтап «Қос Танам-ай» деп жылайды. Содан қаланың аты «Қостанай» аталып кетеді [5].

Белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбеков өзінің «Күмбір-күмбір күмбездер» атты кітабында осы Қостанай атауын Асанның өмірімен байланыстырады. Торғайдың шығыс бөлігінде орналасқан Ұлытаудың басында Асан асаның бәйбішесі Тана-әже жерленгенін айтады. Автор Қостанай атауы осы Тана-әженің құрметіне және Тана және Танай деген егіз қыздардың есіміне байланысты қойылғанын көрсетеді.

Қазақ даласының кейбір елді мекен атаулары да Асанның Жерұйық іздеген сапарының барысында, Асан

есімімен байланысты пайда болып отырады. Мысалы, «Үшқараған» атауы [6, 87.]. Асан ата «Түндікті» деген өзенді көргенде: «Он екі тұтам қазылық үй түндік, маңырап жатқан қой түндік, қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен» деп, қимай артына үш қарағаннан бұл жер «Үшқараған» атаныпты.

Ал, «Шідерті» деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен, бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын жылқының жеі екен» деп, сол жерде біраз жатқан екен. Сол себептен Шідерті атанған екен.

Сондай-ақ, Ерейментауды көргенде: «Желдің жеті есігі бар екен, қыс болса жылқы тұрмас, жылқы тұрса ішіндегі құлын тұрмас ораздың жайлауы, жиырлының қыстауы екен, екі жағындағы ел бай болар да қақ ортасын қоныс қылған ел кедей болар, бітісі жаман екен, бірімен-бірі төбелесетұғын кісі сықылды ерейіп тұрғанын, панасы жоқ дала секілді тау екен», - дейді. «Терісаққанды»: - Уа, шіркін, Сарыарқаның тұздығы екен; тек анда-санда обып қоятын жұты бар екен, бірақ артынан мал тез өсетін жер екен, -депті [7.].

Тегі бөлек Асанның халыққа істеген істері де ерекше. Оның бойында тылсым күш иелеріне тән ерекше қасиеттер бар. Ол аң-құстың тілін біледі. Қостанай өңірінен жазып алынған аңыздың бірінде Асан Наурызым маңындағы Бестарау деген жерде жыланмен достасады. Бір күні Асанның баласы аңға шығып әкесіне дос жыланның баласын айбайсызда өлтіреді. Баласыз қалған жылан кектеніп, баланы шағып өлтіреді. Қайғы шеккен Асан дос жыланына келеді. Жылан Асанның баласы екенін білмей қалғанын айтып, қатты өкініп, бірге қайғырады. Асан мен дос жылан қайғырған Бестарау деген жер кейін «Асан Қайғы» деп аталады. Қайғы шеккен жері болса да Асан ата кетерінде бұл жерге

құты таймайтын, берекелі жер болсын деп бата беріп аттанады[8.].

С.Қондыбаев «Есен қазақ» зерттеу еңбегінде Маңғыстау өңірінде де Асан қамалы деген жер бар екенін айтады.

Жұрт әлдебір нәрседен тарыққанда да Асан өзінің бойындағы айрықша қасиетімен көмекке келеді. Айталық, Асан түгін тартсаң майы шығатын құйқалы жерді көріп: «Шөбі мол екен, әттең, суы жоқ екен!» - деп суызыз тарығып отырған қазіргі Қостанай облысына қарайтын Қызбел деген жердің тұрғындарына қолындағы аса таяғымен түртіп қалып, бұлақтың суын ашып береді [8, 126 .].

Мұндай оқиға Қорқыт туралы эпсаналарда да кездеседі. Қазақ арасында Қорқыт қолынан келмейтіні жоқ зор бақсы (шаман), жасампаз қаһарманның бірі. Оның мәлени қызметі жайында ел арасындағы кейбір әңгіме-эпсаналарда баяндалған. Мәселен, бірінде Қорқыт «Моншақты», ал екінші эпсанада «Домбыралы» деген жер аттарын ойлап табушы болып бейнеленген [9.96.].

Халық арасында Асанның маңындағы жандарға байланысты да жер атаулары кездеседі.

«ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» жинағында халық арасында сақталған аңыздардың ішінде Асанның баласы Абаттың өлген жері туралы аңыз көп кездесетінін атап көрсетеді. Солардың бірінде Ақтөбе облысындағы Қобда ауданының орталығы Ново-Алексеевка селосынан шығысқа қарай он шақырымдай қашықтықтағы Байтақ деген жерде үш қатар үйдің биіктігіне жуық көне дәуірде қолдан құйған, қызыл кірпіштен салынған мола бар екенін, жергілікті халық оны Абаттың моласы деп атайтынын айтады [7.].

Абат осы жерде үлкен жиын үстінде астындағы Желмаясы үркіп, содан құлап өліпті. Сөйтіп сол жерге жерленіпті.

Ақын А.Шаяхметовтың «Пира-

мида» кітабында Торғай өңірінде Қызбел тауының бауырындағы Қарасу деп аталатын көлдің пайда болу тарихын жергілікті халық Асанның батыр ұлы Абатпен байланыстыратынын көрсетеді. Сонымен бірге Абат басы деп аталатын жерде мынадай аңыз айтылатынын келтіреді:

Хан халыққа: «кім қорықпайды?, кім қызғанбайды?, кім өкпелемейді?» деген үш сауал тастапты. Оған жиналғандар үшеуіне де «Абат» -деп жауап беріпті. Мұны естіген хан Абатты сынады.

Алғашында қырық жігітін жіберіп, Абатпен шайқасады. Бұл сыннан батыр мүдірмей өтеді.

Екінші рет бір жігітті Абаттың әйелінің қасына жатуға көндіреді. Абаттың әйеліне хан сынағын түсіндіреді. Жорықтан батыр келсе, әлгі жігіттің әйелінің қасында жатқанын көреді. Жігіттің бір қолы әйелдің мойнының астында қалса керек. Сонда Абат; «Шіркін-ай, ер жігіт әйелдің астына қолын сала ма екен», - деп ұйқыларын бұзбай, ақырын әйелінің басын көтеріп, жігіттің қолын үстіне салып, алаңсыз ұйықтай береді. Ертеңіне аман-есен келген жігіт ханға болған оқиғаны айтып береді.

Үшінші рет хан Абатты асқа шақырады. Қонақ деп көзге ілмеген болып, кәделі табақ емес, ішек-қарын салған табақ тарттырады. Абат алдына қойған тамақты ішіп, рақметін айтып жүріп кетеді.

Мұның бәріне таң қалған хан батырды қайта шақырып, үш қасиетке ие болу себебін сұрайды. Сонда Абат былай деп жауап қайырады:

Қорықпайтын себебім, бірде жортуылда бір қоян кездесті. 300 адам қамалап ұстай алмадық. Япыр-ай, тағдыр қырын қарамаса, ажал жоқ екен ғой, деп қорықпайтын болдым,- дейді.

Ал асқа өкпелемейтінім, бір кезде бір жеті жол жүріп, оралып келсем, шешем күнде ішетін үш мезгіл тамағымды дайындай берген екен, бір мезгілде зорға тауыстым, бұл тамақ деген

көңіл ғой, бұған өкпелеу - пенделік екен, -деп тоқтадым, - дейді.

Ал әйелімді қызғанбайтыным, бір жылы сапарға шықтық, жиырма бес жігіт едік, ортамызда екі әйел бар. Бір күні екеуі ұрсысып жатыр екен, не деп жатыр, - деп құлақ түрсем, біреуі екіншісіне: «мен он екі еркекке ас қамдаймын, сен он үш еркекке ас дайындайсың, маған бір байыңның артықтығын сес қыласың ба?» - деді. Сонда қанағатсыз жандарды бір еркек болып қорғап үлгірудің өзі мүмкін емес екен, -деп ойлады, - дейді.

Ұлттық Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар қорында Асан туралы аңыздармен бірге келіні (бір аңыздарда қызы) Жұпардың атасы Асан таба алмаған «Жерұйықты» тапқаны жөнінде де аңыздар мәтіні сақталған. Ол жер «Жұпар қорығы» деп аталады деген дерек келтірілген.

Асан Қайғының есімі қазақ арасына «Құтты мекен» іздеуші ретінде кеңінен тарағандықтан кейбір аңыздарда әр өлкенің жер ерекшелігіне сай тұрғылықты тұрғындардың өзі тұрған өлкесін «Асан бағалаған құтты жер» ретінде сипаттау басым болады. Айталық, Қазақстанның батыс өлкесінен жиналған аңыздардың бірінде ол Шу, Хорезм, Еділ-Жайық бойын ұнатпай, Маңғыстауды, мыңсаулық қоздайтын жер екен, бірақ жері тар екен дей келе, «Майлықоңыр» деген жерді ұнатып, ол қазақтар қоныстанатын жерге айналыпты [8].

Қорыта келгенде, ғалым М.Әуезов айтқандай, «Жер-сулар, қоныс-қыстаулар жайында Асан айтты деген сын сарап, барлау, болжау сөздердің көпшілігі сол жерлерді бертінде келіп қоныстанған елдердің өз жерінің сыр-ын, жаын түсініп, танып болған соң, көп тәжірибе жылдарынан соң Асан атынан қосқан өз шығармалары, өз сындары». Асан Қайғы өмірі мен ол туралы аңыздар - халыққа қызмет етудің зор өнегесі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - А., 1991. - 240 б.
2. Қазақ ертегілері. А.: «Қазмемкөркемәдбасп», 1959.-31 б.
3. Асан Қайғының Жерұйықты іздегені // Қазақ ертегілері. 1 т. - А., 1957. - 375 б.
4. Сказочная страна Барса-келмес // Казахские сказки 3-т. Т.1. - А., 1958. – 233 с.
5. ҚМУ филология мамандығы студенттерінің фольклорлық практика материалдары. - Қостанай, 2003.
6. «Таң» журналы. 1925 жыл, 11 наурыз. - №1. - 87-89 бб.
7. Мағауин М. Қобыз сарыны // Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991.
8. ҚРҰҒА сирек қолжазбалар қоры. Папка №910, №5 дәптер.
9. Қасқабасов С. Миф пен эпсанының тарихилығы. // Қазақ фольклорының тарихилығы. А., 1994.

Полоньянкина З.Г., ст.преподаватель

Дюжина Т.Я., ст.преподаватель

Гребенюк О., студентка

Костанайский государственный педагогический институт

СОЦИАЛЬНЫЕ УСЛОВИЯ ЗДОРОВЬЯ И ПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ КГПИ

Вопросы питания сегодня в центре внимания медицины. Во всех странах постоянно возрастает интерес к ним самых различных слоев населения, научных работников и государственных органов. Это связано, прежде

всего, с тем, что уже сейчас на нашей планете ощущается весьма значительный недостаток пищевых продуктов в целом и белковых в частности. Около 60% населения земного шара, преимущественно в слаборазвитых странах